



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

жетім қалған бүлдіршіндер тағдыры кімдерді болса да бей-жай қалдырмасы анық, сол себептен де мемлекеттік деңгейдегі бүкіл әлем халықтарымен қолдау тапқан бағдарламаларды енгізу маңызды мәселелер қатарында болуға тиіс. Әр отбасы ішінара өздерінен бастаса ғана қоғам дертіне айналған бұл құбылыстар азаятын еді. Берекелі отбасы–болашағы берік қоғам өкілі!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
3. <https://www.tarbie.kz/31344> Қазақстанның педагогикалық тәрбие журналы.
4. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_combating_violence_against_women/28141798.html
5. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_women_crisis_center_scandal_conflict_laws/2236120.html
6. Әйел құқықтары, 2009. ‘2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары’. Астана, 136 б.
7. ‘В Коране о женщинах. Положение женщины в Исламе и в современном мире’ [Электронный ресурс]. URL <http://vkorane.info> -о-женщинах/(дата обращения: 26.03.2016).
8. Сарсенова, Ә.Б. 2010. Отбасы құндылықтары және қоғамдағы әйел адамдардың орны’. *Виртуалды жоба. Жаңа экономикадағы әйелдің рөлі*. Астана, 1-5 бб.
9. Кулиев, Э., 2011. ‘Коран’. Алматы, Албаракат, 324

УДК 159.9

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

Ибрагим Айбибі Айболқызы,

Жаксылыкова Самал Айтпайқызы

Еуразия Ұлттық Университетінің 3 курс психология мамандығының студенттері
Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Жауапкершілік адам мен тұтас қоғамның өмірлік іс-әрекетінің барлық сфераларында үлкен маңызға ие. Ол адам болмысы мен адамгершілігінің бірінші, фундаментальді мәні болып табылады. Жауапкершілік еріктік қасиеттер теориясындағы ең күрделі феномендердің бірі. Жауапкершілік феномені Ресей психологиясында соңғы онжылдықтарда кеңінен зерттеле бастады. 2009 жылғы «Гуманитарный вектор» журналының №1 басылымында Т. В. Слотинаның «Жауапкершілік психологиялық феномен ретінде және жасөспірімдік шақ пен ерте кемелдену шағында оны диагностикалау мүмкіндігі» деген мақаласында: заманауи мектеп оқушылары жауапкершілікті ішкі реттеу және сыртқы бақылау деп түсінеді деген алғашқы болжам жасалған. Зерттеудің өзектілігі-жауапкершілік феноменін интерпретациялаудың көпқырлылығы мен бірмәнді еместігімен, бұл ұғымды жалпығылыми категориялардан бөліп алудың қиындығымен сипатталады. Т. В. Слотина өз еңбегінде жауапкершілік мәселесін теориялық талдаған, тұлғаның психологиялық факторы ретіндегі жауапкершіліктің ерекшеліктерін анықтаған, заманауи отандық әдістер мен әдістемелер көмегімен жасөспірім және ерте кемелдену шағындағы жауапкершілік деңгейін зерттеген, зерттеу нәтижелерін Л.И. Дементийдің ұсынған әдістеменің нәтижесімен салыстырған [1].

Зерттелінушілері Ресей мектептерінің 9-11сынып оқушылары, жоғары оқу орындарының әртүрлі факультеттерінің студенттеріне Т.В. Слотина мен Е.А. Мулярдың «Жауапкершілік туралы» анкетасын, «Жауапкершіліктің мінез-құлық» сұрақнамасын (авторы Л. М. Дементий), «Жауапкершіліктің ерекшеліктері» анкетасын (авторы Т. В.

Слотина), К. Томастың «Конфликт кезіндегі мінез-құлық стратегиясы» тесті сияқты әдістемелер қолданған.

Зерттеу нәтижелері негізінде заманауи мектеп оқушыларының жауапкершілікті әр түрлі түсінетіндігі анықталған. 9-11 сыныптар арасында жүргізілген, жауапкершілік туралы елестетулер деген зерттеуде, анкеталау арқылы: оқушылардың 30 %- і жауапкершілікті моральді іс-әрекет, борыш деп санайтындығы; респонденттердің 27%-і жауапкершілікті ішкі реттеу ретінде түсінетіндігі; 25%- і сыртқы қадағалау; 12%-і құндылық бағдар ретінде түсінетіндігі анықталған. Зерттеудің көрсетуі бойынша, заманауи оқушылардың пікірі бойынша: жауапкершіліктің қалыптасуына ата-аналардың (67%), өзіндік өмірлік тәжірибенін (29%) әсер ететіндігі анықталған. Оқушылар пікірі бойынша әдеби шығармаларды оқу мен БАҚ сияқты факторлардың әсері анықталмаған.

Ал, В. В. Пшеничнаяның «Жауапкершілікті колледж студенттері тұлғасының жүйелі қасиеті ретінде зерттеу» деген мақаласында колледж студенттерінің жауапкершілігін зерттеу мақсатында Дж. Роттердің «Субъективті бақылау деңгейін диагностикалау» әдістемесін 15-тен 24-ке дейінгі жастағы 96 колледж оқушыларына (олардың ішінде 40 қыздар 46 ер балалар) қолданған. Автор жас ерекшеліктері бойынша 3 топқа бөлген: жеткіншектік шақ, ерте жасөспірімдік шақ, жасөспірімдік шақ. Әрі гендерлік ерекшеліктері бойынша да арнайы мәліметтер келтіреді. Зерттеу қорытындысына талдау жасар болсақ, жеткіншектік, ерте жасөспірімдік және жасөспірімдік шақтарға жауапкершіліктің төмен деңгейі тән екендігі анықталған. Оқушылардың жасына тәуелсіз, денсаулық сферасында, жетістік және өндірістік қарым-қатынастарда жауапкершілік төменгі көрсеткіштерге ие екендігі көрсетілген. Бірақ жеткіншектік және жасөспірімдік шақтарда тұлғаралық қарым-қатынастар аймағында адалдықтың (интеральдылық) жоғарғы деңгейі тән екендігі айқындалған. Бұл, оқушылардың осы жастық кезеңдерінде өздерін тұлғаралық қарым-қатынастарды құруға жауапкершілікті сезінетіндігінің дәлелі болған. Ал жасөспірімдік шақта оқушылар болашақ өмірлік серігін іздеумен айналысатындығы анықталған[2].

Т.Н. Сидорованың «Жоғарғы сынып оқушыларында әлеуметтік жауапкершілік ерекшеліктері» деген зерттеу жұмысында әлеуметтік жауапкершілік тұлғаның дамуының көрсеткіші болып табылатыны, сондықтан, біздің қоғамның дамуының жаңа сатысында өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін тәрбиелеу негізгі рөлді алатындығы туралы айтылған. Қазіргі кезде әлеуметтік жауапкершілік проблемасына арналған зерттеулерде осы түсініктің нақты психологиялық талдау жасауда жеткілікті көңіл аударылмайтындығы, сол себепті, осы жазылған зерттеу осы сұрақтардың шешімін табу үшін жазылғандығын аңғаруға болады. Әлеуметтік жауапкершіліктің құрылымы когнитивті, мотивациялық, мінез-құлықтық сынды 3 компоненттен тұратындығы анықталады. Когнитивті компонент – тұлғаның әлеуметтік жауапкершілік жайлы алған білімдерінің жүйесі, жүріс-тұрыс нормалары екендігі. Мотивациялық компонент – әлеуметтік жауапкершілік мінез-құлқының мотивтер иерархиясын құрайтындығы. Мінез-құлықтық компонент – әлеуметтік жауапкершілік мінез-құлқына сай келетін белгілі бір мінез-құлық жолын таңдау екендігі сипатталып айтылған. Зерттеуде Кеттел әдістемесі (фактор G)(10 сұрақ қойылған) және «Идеал образын құрастыру» әдісі қолданылған. Екі әдістеме арқылы жүргізілген зерттеудің нәтижелеріне талдау жасай отырып, Т.Н.Сидорова зерттелген жоғарғы сынып оқушыларының көп бөлігі әлеуметтік жауапкершілік жөнінде орта білім көрсеткішін көрсетеді және моральдық норма, ережелерге бағынуға ішкі позициясының тұрақсыздығын көрсеткен және оқушылар әлеуметтік нормалар мен ережелерге деген жақсы қатынаста болса да, әлеуметтік жауапкершілік жайлы ойларын вербализациялауда үлкен қиындық сезінеді деген қорытындыға келді[3].

Л.И. Дементий мен О. Ю. Гроголеваның «Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың жауапкершілік ерекшеліктері» деген мақаласы бойынша: мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың жауапкершілік ерекшеліктері қарастырылған. Жауапкершіліктің қалыптасу деңгейінің жастық ерекшеліктері қарастырылған, оған қоса кіші мектеп жасындағы балалардың жауапкершілігінің жүріс-

тұрыстық, эмоционалды, когнитивті компоненттері қарастырылаған. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың жауапкершілік жөніндегі салыстырмалы талдау жасалған. Авторлар мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың жауапкершілік ерекшеліктерін анықтау арқылы мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларда жауапкершіліктің қалыптасу деңгейін салыстырған, жауапкершілік құрылымының жастық ерекшеліктерін зерттеген; әр жастық кезеңде балалардың жауапкершілік жөніндегі пайымдауын анықтаған[4].

Эксперименттік зерттеу барысында авторлар баланың жауапкершілік жөніндегі көзқарасын анықтауға бағытталған ата-аналары үшін жасап шығарылған сауалнама және «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі қолданылған. Зерттеудің нәтижесі бойынша кіші мектеп оқушыларының 46%-нда жауапкершіліктің орташа деңгейі анықталған. Ал, мектепке дейінгі жастағы балалардың көрсеткіштері бойынша мектеп жасындағы балаларға қарағанда әлдеқайда азырақ – 41%. Жауапкершілік жөнінде мүлдем білмейтін балалар пайызы – 37%- мектепке дейінгі жастағы балаларда, 6%-кіші мектеп жасындағы балаларда екендігі айқындалған.

Жоғарыда келтірілген бірқатар эмпирикалық зерттеулердің негізінде мынадай қорытынды жасауға болады. Психология ғылымындағы жауапкершілік - тұлғалық қасиеттердің көрінісі ретінде жас ерекшеліктің сипатқа ие, сондай-ақ, тұлғаның білім жүйесіне, мінез-құлық нормаларына байланысты болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. extension://ecnpflgnajanjnkcmbrancdjoidceilk/content/web/viewer.html?source=extension_p dfhandler&file=https%3A%2F%2Fcyberleninka.ru%2Farticle%2Fn%2Fotvetstvennost-kak-psihologicheskii-fenomen-i-vozmozhnosti-ee-dagnostiki-v-yunosheskom-vozraste-i-vozraste-ranney-zrelosti.pdf
2. Пшеничная В.В. Исследование ответственности как системного качества личности студентов колледжа [Текст] // Психологические науки: теория и практика: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Москва, март 2014 г.). — М.: Буки-Веди, 2014. — С. 70-73.
3. Т.Н. Сидорова. Особенности социальной ответственности у старшеклассников// «Вопросы психологии», 1987, №5
4. Дементий Л. И., Гроголева О.Ю. Особенности ответственности в дошкольном и младшем школьном возрасте. Сб.мат. ежегод.междунар. научно-практ. конф. «Воспитание и обучение детей младшего возраста», Омск, 2016.

УДК 159.9

ЖЕТКІНШЕКТЕРДЕГІ АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТИПТЕРІ МЕН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ДЕҢГЕЙІ

Ибрагим Айбибі Айболқызы,

Жаксылыкова Самал Айтпайқызы

«Психология» мамандығының 3-курс студенттері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми кеңесші - Ерментаева А.Р.

Жеткіншек шақтағы агрессиялық мінез-құлықты зерттеудің маңыздылығы оның жас ерекшелік спецификасының маңыздылығымен түсіндіріледі. Баланың онтогенездегі тұлғалық құрылымының дамуында болатын әр түрлі қиын деңгейлеріне қарағанда, жеткіншектің шақ басқа жас ерекшелік кризистерге қарағанда ең ұзақ, әрі ең ауыр кезең болып табылады. Бұл кезең дамудың барлық деңгейіне үлкен әсерін қалдыратын сапалы, тез уақытта пайда болатын өзгерістерімен сипатталады [1].

Мектеп-жеткіншектерге әлеуметтік тәжірибеге ие болу мүмкіндігін беретін әлеуметтену институттарының арасында ерекше орынға ие. Көбінесе педагогтардың немқұрайлығы